

арналған ойықта сазсырнайдың ерінге тақалатын тұсының оң жағынан сәл солға қарай қиғаштау ояды. Сонда шанақ қуысына бағытталған ауа ішкі еренуге тиіп, толқын пайда болады. Шанаққа тиген ауа толқыны жаңғырып, дыбыс шығады. Дыбысты қажетті биіктікте алу үшін белгілі бір көлемде аспаптың бүйірінен ойықтар жасалады. Ойықтарды саз балшықпен үлкейтіп немесе кішірейту арқылы дыбыс қуаты төмен не жоғарылатылады. [4, 320 б.] Ол туралы өнер зерттеуші, ғалым Б.Сарыбаев былай деп жазады: Отырардан табылған сазсырнай маған жеткізілді. Меңгеру әрекетінде ол аспаптан әуелі үш дыбыс шығарды. Екінші октаваның ми-бемоль, фа, соль ноталарына сәйкес, Төменгі ойығын жауып ойнағанда ми – бемоль, сол ойығын жартылайашқанда фа, ал толық ашқан кезде соль ноталарына сәйкес дыбыстар шығады. Осыдан кейін Отырар сазы атты фольклорлық-этнографиялық ансамблін құру туралы ой туған екен. Бұл аспаптың кеңінен қолданылуына көп еңбек сіңірген педагог - музыкант Өтебай Сахов болатын. Сазсырнайдың тұсауын кескен халық әртісі Нұрғиса Тілендиев еді. Отырардан шыққан сазсырнайды қайта жетілдірген отырарлық суретші, керамист Кендебай Қарабалов болатын, оның жасап шығарған осы музыкалық аспабымен кез келген әндерді орындауға болады. Ертеде сазсырнайдың дыбысын құстардың дауысына немесе табиғатта кездесетін түрлі дауыстарға келтіріп ойнаған.

Қазақстан тарихында, қазақ халқының тұрмыс-салтын, мәдениетін, өнерін қалптастыруда Отырар өркениетінің орны ерекше. Отырар өркениетінің ғылым мен өнердегі жетістіктері – дүниежүзілік ғылым мен мәдениетте өшпес із қалдырған ғұлама бабамыз Әбу Нәсір әл-Фарабидің үлкен дүниесі музыка теориясына арнап жазған жоғарыда аталған еңбектерінен, Отырардан табылған әуездік аспаптардан, Құйрықтөбеден табылған ойыншы бетпердесінен, қыш ыдыстардағы өрнектерден

осы өңірлерде музыка мәдениетінің, рухани мәдениетіміздің дамығандығын көрсетеді. XIX – XX ғ.ғ. өмір сүрген өнер иелері – Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Жүсіпбекқожа Шайқысламұлы, Ергөбек Құттыбайұлы, Мырзабек Байжанұлы, (Қызыл жырау), Садуақас Жақашұлы, Балтабай Тебейұлы, Байбосын Күзенбайұлы, Елеусіз Байырбекұлы, Тәушен Әбуова, әлемдік поэзияның алыбы Мұхтар Шаханов, Қазақстанның халық ақыны Әселхан Қалыбекова, аса көрнекті сазгер, ән жанрының әйгілі майталманы, Қазақстанның халық әртісі Шәмші Қалдаяқов сынды өнер иелерінің өзі осындай дәстүрдің жалғасы деуге негіз болардай.

1. Жәнібеков Ө. Ежелгі Отырар. – Алматы: Рауан, 1996. -5 б.

2. Бердібаев Р. Садуақас ақын. Жұлдыз. – Алматы. 1983. – 15 б.

3. Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары. – Алматы: Аруна, 2005. -196 б.

4. Отырар энциклопедия. – Алматы: 2005. 320 б.

5. Ақышев К. Ертедегі ескерткіштер елесі. – Алматы: Қазақстан, 1976. 69 б.

6. Байпақов К. Ежелгі және ортағасырлардағы Отырар. – Алматы: Қазығұрт, 2007. 61 б.

В статье представлены исследования по духовной культуре Оtrarской цивилизации. Показано прогрессивное влияние Великого шелкового пути на социально-культурное развитие Оtrar и других городов Казахстана. Рассмотрены исторические и философские аспекты становления личности Великого мыслителя Востока Абу Насыра аль-Фараби.

The paper presents research on the spiritual culture of Otrar civilization. The progressive impact of the Silk Road on the social and cultural development of Otrar and other cities of Kazakhstan was shown. The historical and philosophical aspects of Otrar phenomenon - a great Orient thinker Abu Nasir Al-Farabi were discussed.

К.Ә. Бияздыкова

АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ БАҒЫТТАРЫ

Халық даналығы «Өзін-өзі билеген ел бақытты, өзін-өзі таныған ер бақытты», – дейді. Тәуелсіздік мемлекеттің егемендігімен мағынаға ие болса, рухани егемендікпен мәні толығырақ. «Өзінді-өзің таны» тезисі адамның рухани кемелденіп, ақиқат білім иеленуінің кепілі

ретінде сан ғасырлар бойы ғұламалар тарапынан айтылып келеді. Мәселен, батыс философиясы адамның өзіне назары ауып, – «өзін-өзі танудың» өзектілігі артуын Сократпен байланыстырады. Шығыс мұсылман ғылымы «өзін-өзі тануды» екідүние бақытын иеленіп, рухани

кемелдікке жетудің, ақиқатқа ұласып, мағрипат (ғылым) дариясына шомылудың басты қағидасы деп біледі.

Жаһандануда мәдениет өзін жоғалтпайды – бізге солай болып көрінетіні сияқты, – жаһандануда мәдениет өзінің ең шегіндегі негіздемелерін «айтып жеткізеді», өзінің мәнін ашады. Адамның рухани дамуы саласы нақты бейбіт өмір түріндегі мәдениет емес екендігі, мәдениет рухты өңдеу ретінде мүлдем басқа нәрсе екендігі айқын болады. Мәдениеттің осы мәнін ашып көрсеткен жаһандану – өзінің идеялық тұғырларына қарама-қарсы – адамның рухани қайта оянуына ықпал етеді, және, мәдениеттің жаһанданудағы шегіне жеткен дағдарысынан өте отырып, адам руханиланған мәдениетте нақты рухани жаңғыру мүмкіндігін алады деген үміт сақталуда.

Қазақстан халықтарының дәстүрлі мәдениеттері мен құндылықтарының өзектіленуі міндеті міне осы жағдайларда туындайды.

Жаһандану адам құндылықтары статусының өзгеруіне әкелді. Әңгіме құндылықтық бағытталғандықты өзгерту туралы емес, құндылықтардың мәнінің өзгеруі туралы. Күні кешеге дейін адам өзін адам құндылықтарының жүйесі ретінде ұстанылатын белгілі бір идеалдарға бағыттады. Бірақ соңғы онжылдықта адам болмысының құрылымы өте күрделенді:

Жаһанданудың Қазақстан Республикасына гуманитарлық және рухани-адамгершіліктік өлшемдегі кешенді ықпалы мәселесін ғылыми тұрғыда зерттеу – әлеуметтік гуманитарлық ғылымдарды дамытудың басты бағыттарында нағыз тасқынды іске асыруға, еліміз үшін аса маңызды мәселелерді, ең алдымен, ХХІ ғасырдағы Қазақстан Республикасының аймақтық және континенталдық тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін шешеді.

Жаһандану үрдісі адам өмірінің барлық саласына: экономика, саясат, мәдениет, тіл, білім, рухани-адамгершілік даму, халықаралық қатынастарға әсерін тигізіп отыр. Бұл салалардың барлығы ақпаратты игеру мен ауыстырудың жылдам қарқынына тартыла отырып, жаңа сапалық қасиетке ие болды. Бұдан біз жаһанданудың күрделі, көпдеңгейлі, қарама-қайшылықты үрдіс екенін көреміз. Осы жерде жаһанданудың объективті үрдісінен шет қалмай, өз мемлекетіміздің тәуелсіздігін, ұлттық «Мен»-ін, Қазақстан халықтарының төлтума, бірегей мәдениетін, халық даналығының көпжасырлық тәжірибесі жинақталған дәстүрлі мәдениеттің баға жетпес байлығын қалайша сақтап қаламыз деген өткір мәселе қойылады.

Қазіргі батыстық үлгідегі жаһандану тек материалдық құндылықтарға ие болуды көздеген, рухани-адамгершілік бағыттан айрылған

«мәдениеттің» бекуіне әкеледі. Мұндай жалған, бүркеме мәдениет қоғамға күшке табыну, қатыгездік, өзге адам құқығын аяққа басу, қандай жолмен болсын басымдыққа ұмтылу сияқты келеңсіз заңдылықтарға жол береді. Бұл ұрпақ тәрбиесін жаңаша жүргізу мен ізгілендіру мәселесін күн талабына қойып отыр. Тек адамгершілігі жоғары, рухани жаңарған тұлға ғана жаһанданудың жағымсыз жақтарына қарсы тұра алады. Адамзат мәдениетінің алға жылжуы адамның рухани дамуымен байланысты. Аталмыш адамгершілік принципін мазмұны сенім, адамға деген махаббат пен сыйластық, жеке тұлғаны кемсітудің барлық түрімен күресуден көрінеді. Бүгінгі күні ізгілікті, рухани дамыған адам болу дегеніміз – адамды жеке тұлға ретінде тану, абырой, ар-намысын құрметтеу. Ізгілік-жоғары мәдениет пен білімді, сөз бен істің бірлігін талап ететін, немқұрайлылықпен күресетін белсенді өмірлік ұстаным.

Қазіргі ғылым дамуы ерекшеліктерінің бірі өзінің дүниетанымдық қайнар бұлағына айналып келуі, адамға «қайтып оралуы». Адамзат мәдениеті тарихында ешқашан өшпеген ізгілік дәстүрінің қайта өрлеуі өмірдің өзі қойып отырған талапқа айналды. Өркениетті қоғамның жетекші идеясы, оның адамгершілік мәні-адамға болмыстың ең жоғары құндылығы ретінде қарап, көңіл бөлуді орнықтыру, қоғам мен жеке тұлғаның үйлесімді рухани дамуына жағдай жасау. Адам қандай құндылықтар жүйесін ұстанады, нені мақсат етіп, неге талаптанады деген сұрақтарды анықтау да өзекті. Денсаулық, махаббат, сұлулық, білім, сүйікті жұмыс сияқты құндылықтар қай дәуірде болмасын маңызын жоғалтқан емес.

Қазіргі қоғамның демократиялық қайта құрылуы жағдайында ойдан кейбір құндылықтарды шығару мен асыра бағалаудың қажеті жоқ. Әлеуметтік дамуды адамнан тыс қарау, оны ізгіліктің түп қазығынан айыру деген сөз. Дүниеге көзқарастың тек осындай мағынасында ғана, ізгілік қазіргі қоғам дамуының ғаламдық беталысын көрсетеді. Ал жалпы адамзаттық құндылықтар: шығармашылық, дербестік, өзіндік ерекшелік, өзгенің көзқарасын құрметтеу және т.б. рухани құндылықтар мағынасына ие болады. Қазіргі еліміздің дамуының өзгеше ерекшеліктерінің бірі, оның болашаққа ұмтылысы болып табылады. Бұл жерде адамгершілік, ізгілік мұраттарын, әдетте экономикалық табыстармен байланыстыратын алыстағы болашаққа қалдыруға болмайды. Ізгілік өмірден тыс қаралмайды. Әлеуметтік дамудың процесі шын мәнінде осы бастаулардың өсуі мен пісіп жетілуі олай болмағанда, адамзат прогресі туралы сөз етудің мәні жоқ.

Еліміздегі демократиялық процестердің

дамуына байланысты үйлесімді дамыған, әлеуметтік белсенді, өз бетімен шешім қабылдайтын және оларды іске асыра алатын «шығармашылық тұлғаға» сұраныс туып отыр. Бүгінгі күні, жеке тұлғаны дамытудың мазмұны мен түріне әлеуметтік, экономикалық мәселелердің шешімі, адамның қауіпсіздігі де тәуелді деуге болады. Демек қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі адамның үйлесімді дамуы, оның ізгілікке бағыты, психологиялық жай-күйінің қорғалуы. Бұл мәселелердің шешімін табуы білім беру деңгейімен де байланысты.

Құндылықтар жаһандану берген мүмкіндіктерді пайдалана алады. Ол өз бейнесін көбейтіп таратып, «әрбір үйге келе алады». «Дүние жүзінің ең жақсы сахналарында» керемет деңгейде қабылданбаған ұлттық мәдениет басқа аймақтарда жақсы қабылданып, кең таралу мүмкіндігіне сол жерден бастап ие болуы да мүмкін. Ұлттық мәдениетті елдердің бәрі бірдей түсінбегенінде тұрған қайғылы ештеңе жоқ. Шынына келсек, ол ең бірінші ұлттық мәдениет, яғни нақты ұлттық мәдениеті. Ұлттық мәдениет адамды осы мәдениетке тән құндылықтар арқылы тәрбиелей алады және тәрбиелеуі тиіс. Егер де бұл нағыз мәдениет болса, онда бұл адам дүние жүзі үшін қызықты, тартымды, себебі адамның мәдени өзінділігінің артында – және бұл кез-келген адамның көзіне бірден түседі – жалпыадамзаттық мәдениетте көрініп тұрады – өз Отанының топырағында өмір сүріп отырған, бірақ әлемнің адамы болып табылатын әлемнің азаматы екені анық, міне осы.

Қазақ халқының сан ғасырлық елдік, ел бірлігі, тәуелсіздік үшін күресінің айнасы болған төлтума әдеби мұрасы – сөз өнерінің озық үлгісі, сонымен қатар ұлттық сан, төл мәдениет, ел егемендігі және рухани тәуелсіздік мұраттарының айқын көрсеткіші. Өнер алды қызыл тілдің кие қадірін білген халықтың тіршілік тынысы, жан ізденісі мен имандылық құндылықтары, көңіл-күй тербенісі, ар-ождан үні мен арман-тілегі осы халықтың сөзін ұстаған ердің аузымен айтылады. Ел шерін тербеп, мұның қозғар, көкейіндегі ойын тауып, сөз сарасы өлең жолдармен өрнектер ер данасы, ол ел қамын сөз жүзінде айтып қоймайды, өмірінің мәніне айналдырады. Сөзіне ісі сай батыр ұлдары ел мүддесін ел басына күн туған сәттерде найзағаның ұшымен білектің күшімен қорғай білген. Олар сөзді кәсіп етпеген, сөз ер намысы мен елдік мұрат тұтастығының нақты көрінісін бейнелеген. Бодандық бұғауындағы ұлт пен ұлысты елдің қайғы шері мен мұң-зары, азаттықты аңсаған ұлы арманы ел қамқоры ердің көкейінен жыр болып ақтарыла төгілген. Рухани мұраларымызды зерттеп игерудің өзі

осы мемлекеттік тәуелсіздіктің арқасында туып отырған мүмкіндік. Осы рухани бастауларымыздың тағлым-ғибратымен сусындап қана шын мағынасындағы егемендікке, тәуелсіздіктің баяндылығына қол жетерін айтсақ, осы екі егіз құндылықтың ажырамас бірлігі мен маңызы көрінеді. Рухани егемендіктің үлгісін, яғни адамның рухани кемелдігінің – инсанияттың кәмәлеттігінің үлгісі жеке тұлғалар, халқының қалаулылары, хақтың сүйген құлдары жүзеге асырған. Осындай ерлердің шарапатымен өшпес тағлым-ғибратымен көптеген адамдар хақиқат жолға түскен. Ахмет Байтұрсынов «Елде рух ақын сөзінде болмайды» деген екен. Демек, ақын сөзі өз күнінің өзекті мәселесін көтеріп қана қоймай, өткенді бүгінмен жалғастырар жанды байланыс түзіп, құнын жоймайтын әр таңда жаңа қырынан көрінгенмен түбегейлі мәні арта түсетін ер және ел тағдырымен тамырлас мұрат, мүдделерді, құндылықтарды паш етеді.

Елдің мемлекеттік тәуелсіздігі егемендіктің негізгі мағынасы болса, оның мәні қоғамның негізгі тұлғасы адамның – ердің ішкі еркіндікті иеленіп кемелдікке жетумен толығады. Яғни мемлекеттік құрылымның өзі дәстүрлі мәдениеттің сыртқы қорғаушысы, дәстүрлі мәдениеттің тұлғасы – адамның – ердің рухани толысатын ортасы. Адам баласы бүкіл жаратылыс дүниесінен өзіне берілген өскелең рухымен, нұрлы ақылымен, жақсы-жаманды ажыратар жүрек таразысымен, таңдау, қалау еркімен ерекшеленетіндікпен ол – бүкіл ғаламның екі дүниенің жауһары. Адам жанының мәнді мәйегі оның иманы. Елдің егемендігі тәуелсіздік үшін күресінің өзекті мәні – сан ғасырлық даму тарихы бар атадан мирас дәстүрлі мәдениетті қадірлеп сақтау. Ердің негізгі намысы – иманы, от басы, Отаны болғандықтан, дәстүрлі мәдениеттің тылсымынан терең тамыр алып, тығыз астасып, күрес дәуіріндегі әрбір шешуші кезеңде бой көрсетер құндылықтар жүйесі, ер намысы мен ел мүддесі тұтастығымен айқындалады.

Адам мен адам арасындағы жанды жеке байланыс, барлық қоғамдық инстанциялардың «адамгершіліктілігін» сезіну, олардың нақты тұлғаларда көрініс табуы мен өкілеттілігі қоғамдық тұтастықтың өмірлік бірлігін сақтап, қолдап отыратын үздіксіз қан айналымы тәрзіді. Адамның адамға жақындығы, өзара «таныстық», бір-біріне деген құрмет және барлық қоғам мүшелерін тірі адамдар ретінде тікелей сезіну, қоғамда «адами» қуаттың барлығы қоғамдық болмыстың нақты тұрақтылығы мен мызғымас бірлігіне кепіл болатын нәр секілді. Жоғары кісілік қасиеттер жеке адамдағы өрісі тар өзіншілдіктен арылуға мүмкіндік береді. «Адам өзін-өзі тану жолына түспей, өзінің ішкі

дүниесін толық түсінбей, мәңгілік құндылықтарды танып білмей, өмірде тыныштық таба алмайды. Нағыз өмірге мәңгілік құндылықтарды игеру, эгоистік «Мен»-нен мәңгілік «Мен»-ге көшу арқылы ғана қол жеткізуге болады, ал бұл өзгеріс рухани даму жеке адам өмірінің негізгі мазмұнына айналғанда ғана мүмкін. Дәстүрлі рухани қазақ мәдениетінде кісі бірден дайын күйінде дүниеге келе салатын кейіпкер ретінде емес, күрделі қалыптасу сатыларынан өтетін адам түрінде бейнеленеді.

Дәстүрлі құндылықтардың мазмұнын дәлмедәл қайталаудың енді болмайтындығы анық; айналада бәрі өзгерді, адам болмысының реалдылығы қазір басқа. Сонымен қатар, бұл құндылықтардың көбі рулық құрылыммен тығыз байланысты болды, олардың қалдықтары қазір өмір сүріп отырса да, Қазақстанның нарыққа қарай дамуы барысында жойылады, яғни, дәстүрлі құндылықтардың бұл аспектісі қайтадан жаңғыртыла алмайды. Басқа, өткен дәуірмен байланысы аз дәстүрлі құндылықтарды (яғни, жалпыадамзаттыққа жақындау, уақыттан тыс құндылықтарды) өзектілеуге болады және біз бұл процесті мына түрде көреміз. Дәстүрлі мәдениет құндылықтарының кейбіреулерін жаңа, бүгінгі контекстке қою керек. Мысалы, түркі дүниесінде ержүректік жоғары бағаланды; яғни, қазіргі Қазақстан жағдайында ержүректіктің не екендігін түсіну қажет. Бұл саясаттағы ержүректік (бұл саяси хал-ахуалды бірден жақсартады) және бизнестегі ержүректік (бұл бизнесті парасатты етеді) және т.б. Көне заманның дала демократиясы принциптері кең таралып отыр – осы принциптерге қалай қазіргі заманғы сипат беруге болады, Қазақстанның мемлекеттік құрылымында қалай қолдануға болады? Парасаттылық, адалдық жоғары бағаланды. Бұл қасиеттер қазір қандай, Қазақстан қоғамының қазіргі өміріндегі олардың орны қайда? Дәстүрлі құндылықтардың өзектіленуі проблемасы туралы жалпы түрде айтсақ, күрделі проблема айтарлықтай қарапайым шешім табады. Адамдарға адам болу; өзінің пікірі болу; ешкімнен қорықпау; қайыршы және тәуелді болмау; өзінің бойындағы белсенділікті ояту және т.б. мүмкіндіктерді беру қажет. Бұл ұстанымдардың қазіргі заманғы дамыған елдердің демократиялық принциптерімен сәйкестігін көруге болады.

Яғни, дәстүрлі құндылықтардың өзектелінуі процесі Қазақстан қоғамының демократизациялануы процесіне негізінен алғанда сай келетін

болып шығады. Бұл қызықты қорытынды; одан туындайтыны: ескіні талмастан қайтадан жасаудың керегі жоқ, демократиялық қоғам құру қажет – осы арқылы халықтардың дәстүрлі құндылықтары өзектелінеді. Тереңірек ойласақ, мұндай қорытынды күтпеген, кездейсоқ емес: дәстүрлі құндылықтардың позитивті мазмұны жалпыадамзаттық сипатқа ие, демократиялық құндылықтар да сондай (идеалында). Осылайша, дәстүрлі құндылықтардың жалпыхалықтық идеяның мазмұнына қосатын үлесі қоғамдық өмірдің демократизациясымен, оны жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұмтылыстарға жақындатумен бірдей. Сонымен, гүлденуге өзіндік, ерекше жолды іздеумен тым әуестенудің қажеті жоқ екендігін көріп отырмыз; жалпымемлекеттік идеяның осы мемлекет үшін ерекше бір керемет болуы міндетті емес. Бұл идея қарапайым және адами бола алады; адамзатқа жақын болған сайын – өз қоғамыңа, өз мемлекетіңе жақынырақсың. Мәдениет пен адам құндылықтарының қазіргі заманда жаһандануының қарастырылған аспектілері, сонымен қатар дәстүрлі құндылықтардың өзектелінуі көтерілген проблемалары адамның мәдени өзіндік идентификациясы мен әртүрлі формалардағы және дамудың әртүрлі деңгейлеріндегі мемлекеттердегі этникалық қоғамдастықтардың идеялық-мәдени идентификациясы контекстісін құрайды.

1. Қазақ халқының философиясы мұрасы // Қазақ этикасы мен эстетикасы. – Астана: Аударма, 2007. – XII т. – 480 б.

2. Назарбаев Н. Ә. Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігінің артуы // Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы, 2002. – 96 б.

3. Қазақтың дәстүрлі құқықтарының түп-төркіні // Жоғары сот жаршысы. – 2008. – № 2. – 5 б.

4. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 326 б.

5. Ғабитов Т.Х. Қазақ философиясы: Ұлттық идея кең мәтінінде. – Алматы: Паритет, 2009. – 285 б.

В данной статье рассмотрены направления совершенствования нравственных ценностей в условиях глобализации.

This article discusses ways of improving the moral values in a globalized world.